

Мемлекеттік басқару жүйесі және сөйлеу мәдениеті

Оразалиева Э. Н.

Адамзат тіршілігінің ең басты құралы деп танылатын тіл болмысына зер салу, сөз мағынасын халықтық таным тұңғығынан өрбіту, тіл тарихын адамның қабылдау, пайымдау, ойлау тарихымен ұштастыру, дәстүр мен жаңашылдық үдерістерін танымның динамикалық табиғатымен үйлестіру, сол арқылы барлығына ортақ ұстанымдарға қол жеткізу қазақ тілінің өрісін кеңейтуге, өркениетті мемлекеттің қоғамдық-әлеуметтік мүмкіндігін арттыруға әсер етері хақ. Қоғам мен адам арақатынасы, ең алдымен, тілдік құралдар арқылы көрініс табатындықтан, жеке тұлғалардың қатысымдық әрекеті, топпен араласу қабілеті, қоғамда атқарар қызметі, соған орай анықталар әлеуметтік жағдайы – барлығы дерлік тіл арқылы, тілдік қатынас негізінде дәйектелетін факторларды құрайды. «Тілдік саясат» ұғымының астарында да тілді пайдаланушылардың ұлттық психологиясы, мәдени даму үлгісі, әлеуметтік негіздері айқындалып танылады.

Халықтық арналардан сусындайтын қазақ тілі ұлттық сана, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, тұрмыс-тіршілік, тарихи қалыптасу сияқты ұғымдардың ішкі сырын ашумен ғана шектелмей, мәдени өркендеу, әдеби өрлеу, қоғамдық-саяси даму секілді этникалық айқындағыштардың да негізгі шарттарын түсіндіретін құрал болып табылады, сол себепті бүгінгі қоғам мүшесі, мемлекеттік құрылымды дамытушы тұлға ана тілінің әлеуметтік қажеттілігімен қатар мәдени құндылықтар әлемін де жан-жақты меңгеруге тиіс. «...Өскісі, өркендегісі келетін елдердің қай-қайсысы да қадым замандардан бергі тарихын айрықша қастерлеп, ондағы дара тұлғаларды, ел болып ерекше еңсе көтерулеріне ерекше еңбек еткен асыл азаматтарын айрықша ардақ тұтатынын жақсы білеміз... Сондай даналардың ішінде дәуірдің үш кемеңгері деп танылған Әлібекұлы Төле бидің, Келдібекұлы Қазыбек бидің, Бәйбекұлы Әйтеке бидің орны бөлек... Үш данағөйдің өнегелі өмірі, ел қамын жеген адал еңбегі, топ бастаған көсемдігі, от ауызды, орақ тілді шешендігі, мүлтіксіз әділдігі жөніндегі айтар әңгіме аз емес. Олардың аузынан шыққан бітімді бата, кесімді баға, ордалы ой, бейнелі теңеу, төрт аяғы тең жорға толғаулар ғасырдан-ғасырға жұрт жадында жатталып бүгінгі күнге жетті. Осынау асыл мұра – билер сөзі – кім-кімді де таңдандырмай, тамсандырмай қоймайды...» [1], – деп Елбасы атап көрсеткендей, адам арнайы құндылықтар әлемінен нәр ала, қатысымдық құрылымдарды қолдана отырып қана, қоршаған ортаны қабылдау және ол туралы білім жинақтау қабілеттеріне ие болады. Нәтижесінде таным арқылы қоғам мүшесі мемлекеттік басқару саласына, тарихи-мәдени ұстанымдарға негізделген шынайы өмірге араласуға мүмкіндік алады.

Н. Ә. Назарбаев: «Ұлттық жаңғыру, мемлекеттілікті қалпына келтіру әрдайым оп-оңай жүзеге аса бермейді... Бүгінгі таңда Қазақстан мемлекеттілігін қалыптастырудың ең сын сағаттары артта қалды деп айта алмаймыз... Егемендігіміз, аумақтық тұтастығымыз халықаралық деңгейде танылып, кепілдік берілді. Қазақстан әлденеше халықаралық ұйымдардың мүшесі боп табылады...

Саяси демократияға бірнеше жағдайлар керек. Солардың ішінде қоғамда, әсіресе элиталық қауымда кең қанат жайған өзара түсіністік қана емес, жеткілікті мөлшерде бұқаралық сипатқа ие, мемлекетке экономикалық жағынан тәуелсіз орташа таптың, бұғанасы бекіген құқықтық мәдениеттің, келісім мен мәмлеге бейімділіктің мәні зор...» [2], – деген тұжырымды ойлар негізінде мемлекет пен халықтық құндылықтар, құқықтық мәдениет пен тұлғалық қалыптасу алғышарттарын сабақтастыратын мәселелерді жүйелеу қажеттігін «жеке адамның басына тән қасиеттен басталып, бүкіл ұлттық менталитетті, ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық сана, дүниетаным, салт-дәстүр, рухани-материалдық байлықтың бәрін түгел қамтитын өте күрделі» [3, 13-б.] мәдениет ұғымымен тоғыстыра дәйектеді.

«Мәдениет» ұғымының орталық нүктесі, тоғысар негізі ретінде адамның өмір сүру ерекшелігі, қалыптасу, даму әрекеті сұрыпталатындықтан, мәдениет деп адамзат өмірін ұйымдастырып, дамытатын арнайы тәсілдер жиынтығы; қоғамның дамуын сипаттайтын тарихи деңгей; адам әрекетінің қалыптасу негіздері; ұлттар мен этностардың тарихи дәуірлеуінің сипаттамасы; қоғамдық, этикалық нормалардың даму деңгейі қарастырылады. Мәдениеттанудың зерттеу нысанын адам санасына әсер етер тарихи шарттар мен оларды айқындау тәсілдері құрайтынын ескерсек, сана әрекетін белгілі бір тарихи ортаға бағыттау дәстүрлі де құнды құрылымдар мен қатысымдық бірліктер арқылы жүзеге асатынын естен шығармау қажет. Демек, мәдениеттің негізі әрекет, білім, сана секілді элементтер арқылы айғақталады.

Адамның өмір сүру ерекшелігіне, оны өзге нормалар мен дәстүрлерге бағынған жұрттан бөліп тұратын негіздеріне мән беру; қоғамдық өмірді реттеп отыратын, сақтайтын және дамытатын тәсілдерді жүйелеу; қоғамда өмір сүру әрекетіне және әлеуметтік ерекшелігіне орай сұрыпталатын тұлғаларды адамзат әлемінің құрамды бөлшегі деп қарау [4, 190-б.], қоғамдық қатынастар мен ұлттық-мәдени ерекшеліктердің сабақтастығын ерекше өзектеу керектігін дәлелдейді.

Әрбір ұлт мәдениеті өз бастауын сол ұлттың этникалық іргетасы болып қаланған көне ру-тайпаларының қалыптасу қайнарларынан алып, біртіндеп ұрпақтан-ұрпаққа рухани мұра болып жалғасатын құндылықтарымен сабақтастырады. Қазақ мемлекеті XV ғасырда құрылғанымен, оның қалыптасу, даму тарихы өз бастауын әлдеқайда ерте замандардан өрбітеді. «... әлемнің әр шалғайындағы шашыраңқы жатқан; оңтүстіктегі Сақ, батыстағы Скиф, шығыстағы Ғұн тайпаларының әдет-ғұрып, салт-дәстүрімен салыстыра қарасақ, бәрі бірдей Көк Тәңірінің құдіретімен жаратылған, табиғат құбылыстарына табынған...» [5, 19-б.], – деп көрсетілгендей, «... қазақ халқының ата тегі болып саналатын Скиф, Сақ, Ғұн, Үйсін, Қаңлы, Қыпшақ тайпалық одақтарындағы мемлекеттерде» [5, 25-б.] де кезінде ел билеуші тұлғалар асқан шешен, «аспан астындағы билеуші» ретінде танылып, әртүрлі атауларға ие болды. Мысалы: 1) үйсіндерде ел билеушілерін «Күн би» деп атаған: күн – жер әлемге нұр шашып тұрған құдіреті күшті ерекше құбылыс, би – билеуші деген ұғымды білдірді. 2) ғұндарда – «Тәңір құты»: Тәңір – аспан әлемін жаратушы, құты – баласы (иесі) деген ұғымдар тоғысынан құралды деп есептеледі, демек, «Көктің ұлы» мағынасын үстейді. 3) «Мемлекеттік биліктің функционалды қызметтері қазіргідей сала-салаға бөлінбеген қауымдық құрылыстың өзінде-ақ әр халықтың бойға сіңген әдет-ғұрпы мен дәстүр-салтын заңи қағида ретінде қоғамдық қатынасқа сіңірген қауым көсемдері мен ақсақалдары, билік ісіне белсене кіріскен абыздар, билер мемлекет басқару мен ел билеудегі мемлекеттік барлық істерге шектеусіз араласқан...», – деп көрсетілгендей, билердің мемлекеттік басқару жүйесінің әртүрлі құрылымдарында қызмет атқарғаны тарихтан белгілі. Демек, мемлекеттік басқару жүйесінің алғашқы кезеңдерінен бастап-ақ топ алдына шығып сөз бастаған, тұжырымды да тапқыр ойларымен елді аузына қаратқан, халықтық құндылықтарды алға тартқан, басқару мен мәдениет ұстанымдарын шебер сабақтастырған тұлғалар ерекше құрметке ие болған. Бұл қағидалар бүгінгі күні де өзектілігінен айырылған жоқ. Сөз шеберлігі іскерлік қабілетпен үйлескен бастаманың ғұмыры ұзақ болмақ!

Р. Сыздық анықтағандай, «Тіл мәдениеті» – кең ұғымды білдіретін термин. Бұл – күнделікті тіл тәжірибесінің ең қажетті тұсы. Тіл мәдениеті дегенімізге сөздерді дұрыс қолданудан, ауызша сөйлегенде қазақ тілінің табиғи дыбыс заңдылықтарын сақтап, құлаққа жағымды етіп айта білуден бастап, қатесіз сауатты жазуға дейінгі сан түрлі міндеттер жатады» [6, 11-б.]. Ғалым тіл мен мәдениет ұғымдарының бірлігі арқылы сұрыпталатын тілдік проблема көлемінде «адамдардың тілді дұрыс қолдануын» қадағалайтын нормалар мен қағидаларға тоқталады. Мемлекеттік қызметші қоғамның мүшесі, ұлттық-мәдени дамудың жемісі болғандықтан, оның өсу жолы, әрекеті, ішкі мүмкіндігі, психологиялық даму өзгешелігі де сол нормалар мен әлеуметтік-мәдени факторлардың ықпалымен сараланады.

Тілді мәдени өркендеудің, ұлттық қалыптасудың құралы деп қарастыру адам әрекетінің сан қилы қырларын саралауға мүмкіндік беретіндіктен, адамзат атаулының, соның ішінде мемлекеттік қызметшілердің мәдени-эстетикалық нормаларын ұлттық дәстүр, этнопсихологиялық әдет-ғұрып ұғымдарымен ұштастыра талдау өзектілігі дау тудырмайды. «Тілдік талғамы нашар адамның тіл мәдениеті де төмен болады» [8, 12-б.] деген қағиданы ұстанған М. Балақаев кезінде жастарға қояр талаптарын да ой сергектігінен, білім-мәдениеттен, тілге, әдебиетке қояр ықыласынан өрбітті [9, 39-б.]. «Эстетикалық әсер» мәселелері тілші зерттеулерінде адамның болмыс-бітімін сомдайтын және сөйлеу мәдениетінде көрініс табатын өзгешеліктермен сипатталды, сондықтан М. Балақаев тіл мен таным ұғымдарына мәдениет ұстанымдарын шебер үйлестіре отырып, жоғары адамдық құндылықтарды сөз табиғатымен, оның көпшілікке әсер етер құдіретімен түсіндірді. «Сөзді» ғалым барша мәдени-эстетикалық, танымдық, әлеуметтік әрі психологиялық арналардың бастауы деп танумен қатар, оны «ой өрнегінің мағыналы бөлшегі» [8, 120-б.] ретінде талдап көрсетті. Ғалымның: «Адамның мінез-құлқында, жүріс-тұрысында, өзгелермен қарым-қатынасында ұстамдылық, байсалдылық, сыпайыгершілік болудың бәрі, айналып келгенде, оның эстетикалық талғамына негізделеді. Сондай жақсылықтың белгісі – адамның өзгелерге тіл қату, сөйлесу мәдениеті» [8, 65-б.], – деген тұжырымдарына сүйенер болсақ, талғам мен таным ұғымдарының сабақтастығы негізінде адамның көрген-білгені, сезген-қабылдағаны сараланады, сол арқылы «Тіл мәдениетінің басты талабының бірі – тілдің халықтық қасиетін дамыту, ана тілінің байлықтарын талғам елегінен өткізіп молынан әдеби тілге енгізу» екені дәйектеледі.

Блез Паскальдың айтуына қарағанда, адамға әсер ете білудің екі жолы бар: бірі – «пікіріңді дәлелдей алу»; екіншісі – «өзің туралы жақсы әсер қалдыру». Адамның өзгелерге «нұр шашар» қабілетін басшылыққа алу, оның жеке басының баурап алар қасиетін дамыту мәселелерін шебер сабақтастыратын тілдік қатынас аясында ғылым мен өнер одағын құрайтын имиджелогия, этика, эстетика, этикет ұстанымдары бүгінгі күні адамзат өмірінде маңызды қызмет атқаратыны сөзсіз. Сыртқы келбеттің астарында жеке тұлғаның мазмұндық болмысы көрініс тауып отыратындықтан, имиджелогияның әдістемелік негізін имидж-жобалар, саяси қайраткерлердің портреттері, соның негізінде қалыптасар психологиялық бет-пішіндері айқындаса, этика моральдың генезисін, табиғатын, өзіндік белгілерін зерттей отырып, оның қоғамдағы орны мен қызметін дәйектейтін, сол арқылы адамзат өміріндегі адамгершілік тетіктерінің жүйеленуін қадағалайтын бірліктер қатарынан орын алады. «Кім де кім өзін-өзі ұстай білсе, сол адамдарды басқара алады» деген Вольтердің тұжырымына назар аударсақ, саясаткер бейнесін сомдау үшін, басшы тұлғасының халық алдындағы абырой-беделін оның ішкі қалауымен, өзіне қояр мақсат-міндетімен байланыстыра білу қажеттілігі айқындалады, нәтижесінде саясаткерлерге адамдармен қарым-қатынас жасай білу, жеке тұлғалық қатынастарды өзектеу, өзін-өзі ұсына білу міндеттерін шешу қажеттігі нақтыланады. Саяси басшының кескін-келбеті ұлттық-мәдени ерекшеліктер негізінде сараланатын халықтық діл арқылы анықталанатынын естен шығармау керек. Ел қалауынан шығудың басты кілті – оны түсіне білу. Осыған орай, имиджелогия мамандары немесе имиджмейкерлер адамдардың ішкі рухани байлығын аша отырып, олардың бәсекеге қабілетті біліктілігін жеке тұлғалық өсуімен сабақтастыруға, ал іскерлік қарым-қатынасын өзін кез келген ортада ұсына білу мүмкіндігімен ұштастыра білуге, сол арқылы әлеуметтік қатынастың әртүрлі салалық өзгешеліктерін меңгеруге тәрбиелеуді мақсат етеді. Демек, қарым-қатынас пен мәдениет бірлігінен бастау алатын имиджелогия беделді тұлға болудың ажырамас бөлігі; демократиялық және адамгершілігі зор қоғамның негізгі шартын құрайтын азаматтық тұлға туралы түсінік; рухани құндылықтар әлемі; адамға әсер ету құралы; барлық қоғам мүшелеріне қажет қағидалар тізбегі ретінде айқындалады.

Елбасының: «Мәдени өзіндік сипат өзінен-өзі жоғала салмайды. Өркениет те бір денеден екінші денеге апарып жапсыра салатын жәй әншейін желімдеме сурет емес. Кез келген ұлттық, аймақтық өркениет өте зор беріктік сипатқа ие. Ол сипат бірнеше құрылымдық деңгейдегі сабақтастықтан өрбиді. Әлі есімде, Испанияның ең ежелгі қалаларының бірі Толедоның үстінен вертолетпен ұшып бара жатып, стадионда коррида болып жатқанын көзім шалды. Бізге де көрсетуді сұрадым. Алған әсерімді айтып жеткізу қиын. Өте қатыгез және қатты толғандыратын ойын екен. Сырткөз адамға – шошынбасаң, қызығатын дәнеңесі жоқ. Құмарпаздар үшін – ұлттық тарих пен рух күшінің тамаша көрінісі. Түптеп келгенде, бұл да мәдениетпен тығыз байланысты. Өйткені мәдениет бойына адамға онсыз өмір сүруге болмайтын аса нәзік құбылыстардың бәрі де тоғысқан... Ол – өзін қандай да болмасын мәдениеттің біреуімен етене санайтын әрбір адамның жер мен көктегі дүниеге қарым-қатынасын, бүкіл өмірінің мән-мағынасы мен бағасын белгілейтін басты сипат. Ол – санада жылдап қалыптасқан құндылықтар жүйесі» [2, 259–267-бб.] деген тұжырымдарын басшылыққа ала отырып, мемлекеттің ұлттық рухы мен баға жетпес өркениеті сөзбен өрілген, іспен дәлелденген, жадыда сақтала ұрпақтарға жеткен құндылықтар жүйесімен сипатталатынына көз жеткіземіз.

Әдебиет

1. Назарбаев Н. Ә. Қалың елім, қазағым. – Алматы: Өнер, 1998. – 306 б.
2. Назарбаев Н. Ә. Фасырлар тоғысында. – Алматы: «Атамұра», 2003. – 256 б.
3. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: «Ана тілі», 1998. – 304 б.
4. Алефиренко Н. Поэтическая энергия слова. Синергетика языка, сознания и культуры. – М.: Academia, 2002. – 394 с.
5. Омархан Қ. Қазақ елінің дәстүрлі құқығы. – Астана: Елорда, 2004. – 280 б.
6. Сыздық Р. Қазақ теледидарының тіл мәдениеті қандай? // Тіл және қоғам. – 2 [4], 2005. – 9–17-бб.
7. Сыздықова Р. Сөз құдіреті. – Алматы «Санат», 1997. – 224 б.
8. Балақаев М. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары. – Алматы: Қаз ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1984. – 184 б.
9. Балақаев М. Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту. – Алматы: «Мектеп», 1989. – 96 б.

Кадровый потенциал государственной службы

Сулейменова Г. К., Жолманов А. С.

В Республике Казахстан кадровая составляющая реформирования системы государственного управления закономерно считается центральной. При этом проведение стратегических преобразований в государственных органах базируется на результатах мониторинга кадрового состава государственных органов. Регулярные статистические наблюдения необходимы для прогнозирования развития кадрового потенциала государственной службы, своевременного планирования работы по профессиональному развитию кадров, принятия меры по предотвращению негативных тенденций, таких как: отток кадров, понижение уровня квалификации и другие.

В данной статье нами проведен анализ кадрового состава государственной службы за 2001–2010 гг. Нами данный период выбран не случайно. С созданием специального уполномоченного органа в области государственной службы в 1999 году в стране осуществляется постоянный мониторинг кадровой ситуации.

И как показывают результаты анализа, за годы независимости произошли существенные изменения в кадровом составе государственных служащих.